

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 9 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 сәуірде № 7059 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 21.10.2020 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 02-13-4/66 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі Жаркемер ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданы
Батпақкөл ауылдық округі әкімі

М. Бокашев